

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/YBXR7478>

***Н. Қ. Жүсіпов¹, М. Н. Баратова²**

^{1,2}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2111-6833>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7509-5652>

*e-mail: nartai1970@mail.ru

МӘШҲҮР ЖҮСІП ЖАЗБАЛАРЫҢДАҒЫ АҢЫЗДАР: АБЫЛАЙ ХАН

Мәшһүр Жүсіп жазбаларында фольклордың барлық жанрлары қамтылған. Атап айтқанда: ертегілер, батырлық жырлар, еңбегі, аңыз-әңгімелер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, айтыстар т.б. Қазақтың тарихи аңыздары негізінен хандар, батырлар, билер, шешендер т.с.с. тұлғалармен байланысты болып келеді және де аңыздың бұл түрі өзге халықтардың фольклорында кездеспейді.

Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіп жинаған жанрлардың бірі – тарихи аңыздар сөз болады. Оның ішінде қазақ халқын басқарған тарихи тұлғалар: хандар бейнесі жайлы мағлұматтар аңыз күйінде беріледі. Әсіресе Абылай хан тұлғасына қатысты циклдік әдіспен жинаған 16 аңыз жан-жақты қарастырылады. Бұл ел аузынан жиналған 16 фольклор үлгісі өз замандағы В. Радлов, Н. Смирнова, Ш. Уәлиханов, С. Дәуітов, Р. Бердібаев т.б. нұсқаларымен салыстырыла талданады. Осы үлгілерде кездесетін кейіпкерлердің іс-әрекетіне, оқиғасына, айналасына т.б. көңіл бөлінеді. Абылай хан тұлғасына қатысты кейбір фольклорлық нұсқалар тек Мәшһүр Жүсіп қолжазбасында ғана сақталғандығы да жан-жақты сөз болады. Мұның бәрі Мәшһүр Жүсіп жинаған тарихи аңыздардың қаншалықты құнды екендігін және халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы, жариялаудағы, зерттеудегі еңбектерінің маңыздылығын көрсетеді.

Кілтті сөздер: Мәшһүр Жүсіп, аңыздар, фольклор, қолжазба, Абылай хан, фольклорлық үлгі.

Кіріспе

Алаш ғалымы Мәшһүр Жүсіптің ел арасынан жинаған аңыздарының көпшілігі өз оқырмандарына жете қойған жоқ. Жалпы жиналған аңыздар хандар, билер, батырлар т.б. тарихына қатыстыларын көбірек қамтиды. Мәселен, хандар тарихына қатысты: «Жақсы Ғабдолла хан», «Қоқан хандарының тарихы» [1], «Шайбани хан Әмір нәсілінен», «Кенесары» [1], «Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер», «Кенесары», «Стамбул халифасы Ғұшман қазы», «Россияға бағынып қараған соң Қасым ұрпағы не себептен бүліншілікке түскен» т.б. [1] деректермен қатар, Мәшһүр Жүсіптің Абылай хан туралы жазғандары ерекше көзге түседі [1]. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің Абылай ханға қатысты ел аузынан жазып алған тарихи аңыз-әңгіменің саны – 16. Олар: Абылай аспаған сары бел деген сөздің мағынасы; Абылай хан; Қазақтың бұрынғыдан қалған сөздері; Абылай хан мен Балтакерей Тұрсынбай батыр турасында; Абылай хан дәуірі; Абылай хан заманында; Абылай ханның сөздері; Бір ертегі; Абылай ханның түсі; Жарылған пен Абылай хан; Абылайдың хан болып көтерілуі; Абылайдың қалмақтың ханы Қалдан Серенге тұтқын болған хикаясы; Абылай хан мен Қалдан Сереннің арақатынасы туралы; Жәнібек батырдың түсін Абылай ханның жоруы; Абылай хан заманындағы батырлар туралы; Абылай тұсындағы заң-жоралғылар. Аталған 16 текстің 8-і «әулеттік архивте» сақталған.

Материалдар мен әдістері

Мақала жазылу барысында тарихи-салыстырмалы, тарихи-функционалдык, нарративтік, аналитикалық, типологиялық т.б. ғылыми әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ зерттеушілері арасында Абылай ханға байланысты деректерді алдымен Ш. Уәлихановтан кездестіреміз. Ғалымның: «Исторические предания о батырах XVIII в.» атты еңбегінде [2] Абылай хан мен оның төңірегіне қатысты шағын-шағын он төрт әңгіме жинақталған. Бұл әңгімелер көлемінің ықшамдылығымен, оқиғасының қысқалығымен т.б. көзге түседі. Оның ішінде Абылай ханның қалмақ ханы Қалдан Серенге тұтқын болғаны жөніндегі әңгімесі Мәшһүр Жүсіп нұсқасына қарағанда аңыздық жағынан гөрі тарихи сипаты басым болуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар бұл әңгімедегі Абылайды өлтіруге құмар болып суреттелген Қалден Серен әйелі Мәшһүр Жүсіп жазбасында мүлде кездеспейді. Керісінше, Мәшһүрде ол әйел Қалден Серенге тоқтау салатын ақылшы, дана қалыпта алынған. Ал, Шоқанның қалған 13 әңгімесі Мәшһүр Жүсіп жазбасында ұшыраспайды.

Алаш ғалымы Мәшһүр Жүсіпке дейін жинаушылықпен айналысқан енді бір ғалым В. В. Радлов еңбегінде [3] Абылайға қатысты екі нұсқа бар.

Бірі – Бұхар ханы мен Абылай ханға байланысты өрбісе, екіншісі – Мәшһүр Жүсіптің «Абылай аспаған сары бел деген сөзің мағынасы» атты әңгімесімен үндес. Әйтсе бұл соңғы екі үлгі арасында (бірі – В. В. Радловтыкі, бірі – Мәшһүр Жүсіптікі) өзгерістер жоқ емес. Мәселен, көлемі жағынан әрі шағын әрі толық аяқталмаған В. В. Радлов вариантында қысылшаң кезеңдерде Абылай ханға ақыл, көмек беретін әйелі болса, керісінше, Мәшһүр Жүсіп жазбасында [4] хан Абылайдың өзі ақылгөй, көріпкел болып суреттеледі. Тағы айтатын бір жәйт: «әулеттік архивте» көріпкел болып Абылайдың өзі алынды десек те, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Орталық қолжазба қорында сақталған Мәшһүр Жүсіптің екінші бір жазбасында В. В. Радлов нұсқасындағыдай ханға ақыл беруші болып оның әйелі бейнеленеді [5].

В. В. Радловта ханды шапшақ болып қол бастаған Қазыбек би делінсе, Мәшһүр Жүсіпте бұл орында бидің баласы Бекболат алынған. Тағы бір қызығы: В. В. Радлов нұсқасында Абылайды «үш көшкенше құды» делінген деталь бар. Сондай-ақ кейін екі жақтың ортақ мәмлеге келгендігі, хан әйелінің ақыл беруі жөнінде әңгіме желісі бар. Ал, бұл жері Мәшһүр Жүсіпте жоқ. Яғни, Абылай ханның көшкендігі ғана айтылады да, оқиға әрі қарай жалғасын табады.

Әңгіме соңы В. В. Радлов та Абылайдың жұртта қазан тастауымен, оны Қазыбек алуымен бітсе, Мәшһүр Жүсіпте оқиғаның бұл тұстары әрі кең, әрі нақты суреттелінеді. Мәселен, мұндағы қазан тасталған жерге Бекболат пен Едіге би бастаған қосынның келіп тоқтауы, Абылай қалдырып кеткен сиыр малдарын сойып, тамаққа тойып, мәре-сәре болуы, бітімшілікке Абылай ханға Орманшы: Ақсары: Шотананы жібергендігі т.б. – бәрі В. В. Радлов нұсқасында кездеспейді. Кейін бітім бойынша Абылай Ботханның құнын береді, мың кісінің жолына жетім бастатқан тоғыз, мың кісіге түйе бастатқан тоғыз, мың кісіге ат-шапан береді. Әңгіме одан әрі Абылайды атпақшы болған мерген Қозған: Құлықе-Биікшеге хан өзі: «Мылтығыңның аузын қырсық баспасын!»- деп түйе байлайды. Ал, екі арада арашашы міндетін атқарған Күлік – Жаңабатырдың баласы Жанақты көріп: «Бұлар құдай жаратқан шын би ғой», - деп, оларға қазақ елі арасында болатын бүкіл жиын-той мерекелерін ашу-жабу міндеткерліктерін жүктейді. Себебі, әңгіме ортасында Жаңабатыр өзінің баласы Жанақты арашашы бол деп жұмсай отырып, Бекболат пен Едігеге сәлем айтады: «Ханын жаулаған қалмақ оңбаған, ханын жаулаған қара оңбайды. Хан қисайса – бәрі оңбайды», – деген. Халық қадірін білмесе, хан тартпақшы жазасын, хан қадірін білмесе, халық тартпақшы сазасын» [5], – дейді. Міне, осы сөздер шығарманың негізгі арқауы, тұжырымы іспетті. Яғни әңгіме халықтың бір ханға бағынуы керектігіне, бірауыздылыққа, бірлікке шақыру идеясына қызмет етеді.

Жоғарыдағы Ботахан өлтірілуі жөніндегі тарихи негізі бар сюжеттің «Абылай мен Олжабай», «Ботахан» жырларында бар екені «Ел қазынасы – ескі сөз» кітабын шығарушылар түсініктемесінде берліген [3].

Тарихта мұндай оқиғаның болғаны рас дей отырып, ғалым Н. Смирнова Ш. Уәлихановтың мына бір пікіріне назар аудартады: «Абылай қазақ халқының ежелгі салтын бұзып, жолсыздық жасады. Ботаханды өлтіріп, Жанайды байлап алып қалды. Бұған бүкіл Орта жүз намыстанды. Ру басы билер болып аттанып, Абылайды шаппақшы болды. Бірақ Абылай бастаған төлеңгіт бұл көтерілісті басып тастады...» [6]. Міне, бұл жерде Мәшһүр Жүсіп жазбасының тарихи фактіге негізделгендігін байқаймыз.

Алаш ғалымы Мәшһүр Жүсіп өзі жинаған үлгілерінің көлемін белгілеп отыруды ұмытпаған. Мәселен, осы Абылай ханға қатысты деректер өз қолжазбасының бір жерінде 38-сахифадан тұрады делінсе, екінші бір жерінде «Абылай» мен «Кенесары, Наурызбай» әңгімелерінің көлемі – 50 сахифаны құрайтынын ескертеді. Әйтсе де, Абылай хан тұлғасына қатысты аңыз-әңгімелер баршылық десек, біз олардың Мәшһүр Жүсіп жинағына қатыстыларына ғана тоқталамыз.

Қарастырылатын материалдардың екі түрлі варианты да Мәшһүр Жүсіптің қолжазба қорында сақталған: бір нұсқасы – ақынның кенже баласы Фазыл мен оның жұбайы Нұрила әжейдің сандығында, яғни «әулеттік архивте» сақталғаны да, екіншісі – көшірме түрінде Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының Орталық қолжазба қорындағысы. Соңғы нұсқасы түгелдей алдымен «Парасат» журналында, кейіннен «Егеменді Қазақстан» газетінде, соңынан «Абылай хан» атты кітапта жарыққа шықты [5].

Бұл басылымдардың бәрінде дерлік материалдардың кімнен, қайдан алынғандығы көрсетіледі, тек нақты беттері көрсетілмеген. Абылайға қатысты бұл текстер әрі «әулеттік архивте» де, әрі ОҒК КҚ да шоғырланған дедік. Сондай-ақ бұлар қолжазбалар ішінде шашыраған сипаттан гөрі, жүйелі жинақталған түрде орналасқан. Тіпті екі нұсқада да келетін әңгімелер реті – белгілі бір ханның жас ерекшелігіне, өсу жолына, жасаған ерлігіне, игі істеріне т.б. сәйкес топтастырылған. Жинаушылықтың мұндай циклдік тәсілін Мәшһүр Жүсіп те толық меңгерген тәрізді. Яғни, белгілі бір кейіпкер, не қаһарман, т.б. төңірегінде ел аузында айтылғандарды бір жерде жинап, жүйелеп топтастыруды мақсат тұтқан.

Сол сияқты Абылайға қатысты аңыздар шоғыры да ханның жиырмаға жетпеген жас кезінен басталады да, алғаш қазақ елі арасына келуін, алғаш ерлігімен көзге түсуін, хан боп көтерілуін т.б. қамтиды. Ал, соңы ханның қартайған шағында Бұқар қаласын шаппақ болғаны, түс көруі арқылы райынан қайтуы, еліне қайтар жолда қайтыс болғандығымен, т.б.

аяқталады. Демек, әңгімелер тізбегі өмірбаяндық жүйе ретімен берілген, яғни ғұмырнаамалық тұтастануға көшкен деуге болады [7]. Мұндай ел аузынан жиналған фольклорлық нұсқаларды жас ерекшелігіне сәйкес белгілі бір жүйеге сала отырып, циклдік әдіс арқылы қағаз бетіне түсіру т.б. – бәрі Мәшһүр Жүсіп жинаушылығының әрі дұрыс бағытта жүргендігін дәлелдесе, әрі оның өзіндік ерекшелігін де танытады.

Енді осы қолжазбадағы [4] Абылайға қатысты нұсқаны Мәшһүр Жүсіптің С. Дәуітов жариялаған екінші бір нұсқасымен салыстырып көрейік. Екі нұсқа арасында біраз айырмашылықтар бар. Мәселен, С. Дәуітов жариялаған үлгі [5] бірден қара сөзбен басталып кетсе, ал, «әулеттік архивтегі» нұсқада «Ғаламда он сегіз мың жан болыпты», - деген өлең жолдары алдымен берілген [4].

Жалпы фольклористика ғылымында фольклорлық үлгілерді бір-бірнен мына ретте салыстырады:

- 1) Мазмұнда, сюжетте айырмашылық бар ма?
- 2) Кейіпкер өзгерген бе?
- 3) Олардың іс-әрекеті, сөзі өзгерген бе?
- 4) Тілде, стильде жаңалық бар ма?

Салыстырудың мұндай белгілері Алаш ғалымы Мәшһүр Жүсіп жинаған екі нұсқа арасында өзгеріссіз келеді, тек кейіпкерлер іс-әрекетінің орындары алмастырылған. Мәселен, ханға ақыл беруші әйел екені «екінші нұсқада» орын алса, «бірінші нұсқада» әйел емес, ақыл иесі ретінде ханның өзі көзге түседі. Сондай-ақ «бірінші нұсқада» ақынның Ботахан мен Жанай төңірегінде берген өз түсініктемесі де бар. Бұл «екінші нұсқада» кездеспейді. Бір қызық жері бұл түсініктемеде Ботахан ызаланып, долданып, өзі өледі делінсе, ал, В. В. Радлов [8] пен С. Дәуітов [5] жариялаған нұсқаларда хан басымен Абылай абақтыда жатқан Ботаханды шығармақ боп тартқанда, ол өліп кетіпті деп айтылады. Әйтсе де, хан басымен Абылайдың осыншалық кішіреюі шындыққа сәйкес келмейтін тәрізді. Демек, ақынның бұл «бірінші нұсқасы» тарихи нанымдылық, өзіне сендіру тұрғысынан т.б. жағынан жоғарыдағыларға қарағанда көш ілгері екендігін байқатады. Ал, біздің білуімізше, фольклорлық үлгілердің бірден-бір өмір сүру формасы ретінде қоршаған халықты өзіне сендіру, нандыру қызметі тұр емес пе?!

Сондай-ақ «бірінші нұсқада» бұл аңызды ақын «Абылай аспаған сары бел атанған жер осы екен» деп аяқтай отырып, өз пікірінің дұрыстығына дәлел ретінде Төртуыл ішінде жүрген Төлеген қожаның өлеңін келтіреді. Бұл да «екінші нұсқада» кездеспейтін жәйт. Міне, мұндағы оқиғаның нанымдылығына тыңдаушыны сендіру мақсатымен Төлеген қожаның өлеңі берілуі – бәрі Мәшһүр Жүсіп жинаушылығының тағы бір қыры.

Ақынның тірі күнінде Абылай ханға қатысты тек бір аңызы ғана «Қазақтың бұрынғыдан қалған сөздері» деген тақырыппен «Дала уалаяты» газетінде [9] жарық көрді. Ал, текст ақын қолжазбасы бойынша өзгеріссіз жарияланды ма, ол жағы белгісіз. Тек бұл әңгіменің екінші бір варианты Жолмұрат қолжазбасында сақтаулы. Ол нұсқаларды өзара салыстырғанда, біріншіден көзге түсетіні-көлемі. Баспа бетінде нұсқа «Бұ хикая кеше Қаракерей Қабанбай...»- деп басталады да, Жолмұрат жазбасына қарағанда көлемділеу.

Ал, нұсқаларда мазмұн, сюжет, кейіпкердің іс-әрекеттері, тілдік, стильдік т.б. жағынан өзгерістер жоқ. Тек қолжазбадағы әңгіме: «Бір күні Абылай хан қарашына көз тойған үш жүзден озған, әлемнен озған алаяқ билері...», – деп, беріледі де, бірден Абылай ханның сауал қоюына ұласып кетеді. «Дала уалаяты газетіндегі» нұсқада оқиға негізіне бармас бұрын, алдымен ханның өз басына, одан кейін айналасына қатысты берілген мәліметтермен бірге, шумақ-шумақ өлеңдер де келтіріледі. Содан кейін ғана: «Сол Абылай хан күндерде бір күн қазақтың қабырғасы кең, қарны жуан, шекесі толық, миы көп, ойы терең билерін жиып алып...», - деп басталып, әрі қарай оқиға дамуы беріледі. Жолмұрат жазбасындағы бұл әңгіме бірден-бір би есімі аталмауымен көзге түссе, ал, жарыққа шыққан нұсқада Қазыбек баласы – Бекболат би, Жәнібек баласы – Дәуітбай би, Шобалай баласы – Жәңке батыр, би Төлебай баласы – Едіге би, Бөгенбай баласы – Төрәналы би есімдері аталып отырған. Мұның бәрі адам аттары келтірілуіне және олардың сөздері берілуіне орай орын алған өзгерістерді көрсетеді.

Сондай-ақ газеттегі «не өлмейді?» деген сауал орнына, қолжазбада «тозбайтын нәрсе не, өлмейтін жан бола ма?» деген сұрақ алынған. Ал, сауалға қайтарылған қате жауаптарға келсек онда да өзгерістер бар. Мәселен, газетте «қара жер», «асқар тау», «аққан су», «Ай мен Күн» делінген жауаптар қолжазбада «аққан су», «қара жер», «Ай мен Күн» өлмейді және «темір», «тау» сияқтылар тозбайды деп екіге бөлініп берілген. Байқап отырсақ, сауал беруде де, оған сәтсіз санарлық жауап қайтаруда да – бәрінде дерлік ерекшеліктер баршылық. Сол сияқты әңгіменің ішінде кездесетін кейіпкерлер есімі де өзгеше берілген. Мәселен, оң жауап беруші кім дегенде, газетте: «бір қожа, білмес, кісі көзге ілмес, аналардай атақты би емес бір адам?»- деп кісінің беймәлімділігі байқалса, керісінше, қолжазбада ұтымды, оң шешім айтушы Қыпшақ-Таймас елінің азаматы Жудас шешен делінген.

Жауаптың дұрыс берілуі екі нұсқада да бірдей деуге болады, тек газетте «молданың хаты» сөз тіркесі Жолмұратта «ғалымның хаты» болып жазылған. Материалдың қалған жерлері ұқсас келеді. Міне, бұдан біз Алаш ғалымы Мәшһүр Жүсіптің газет бетінде берілген нұсқасы қолжазбадағыға қарағанда әрі көлемді, әрі толық екенін байқаймыз. Әйтсе де, екі нұсқаны да ақынның

жазбасынан алынғанын ескерсек, газеттегісі – негізгісі болады да, Жолмұрат жазбасындағысы оның екінші варианты есебінде жүретіні анық.

Ал, жоғарыда аталған Алаш ғалымы Мәшһүр Жүсіптің Абылайға қатысты жазбаларына ұқсас басқа да материалдар, оның ішінде баспа бетінде жарияланғандары бар ма десек, «Қазақтың би-шешендері» кітабында «Абылай аспаған сары бел» деген сөздің төркіні Байдалы би есімімен ұштастырылады [10]. Яғни, мұнда адам өлтірген Бәйтелі би Байдалы бидің немере ағасы да, оны хан Абылай өлім жазасына бұйырады. Тек Байдалы бидің шешендік сөзінен аса алмаған ханның өлімді құн төлеумен алмастыратыны айтылады.

Мәшһүр Жүсіп нұсқасындағыдай ханның елден қаймығуы, халықтан аса алмау заңды, шынайы нәрсе. Бірақ, Байдалы сөзіне бола «Абылай аспас сары бел» атанып кеткен деген түйін күмән тудырады. Яғни, «ел аузынан» деп жарияланған кейінгі нұсқаға қарағанда, Мәшһүр Жүсіп жазып қалдырған әңгімесі шындыққа бір табан жақын деуімізге болады. Және де «ел аузынан» деп жарияланып жүргендер бертінде жиналғанын ескерсек, олардың шынайылығы, табиғилығы, өзгеріссіз келуі т.б. тәрізді сипаттары т.б. шүбә туғызуы – әлі де оларды зерттей түсуді қажет етеді. Ал, бұдан бір ғасыр бұрын қағазға түскен Мәшһүр Жүсіп жазбаларының маңызы күн сайын арта түсетіні белгілі.

Белгілі ғалым Р. Бердібаев мұндағы Абылай ханның тұтқыннан босауына қалмақ ханы Қалдан Сереннің өзі мүдделі болғандығын Мәшһүр Жүсіп әңгімесі бойынша дәлелдеп, оның тарихи шынайылығына жоғары баға береді [11]. Тарихта орын алған мұндай оқиғаларға қоршаған органы сендіру, шын болған оқиға деп қабылдату тәрізді тәсілдер фольклорлық үлгілерге тән басты ерекшелік екені белгілі.

Алаш ғалымы Мәшһүр Жүсіп нұсқасына жуық, ұқсастық үлгісін «Дала уалаяты газетінің» 1891 жылғы 1 санындағы «Қазақтың мәселесі» атпен [9] жарияланған материалдан да көреміз. Аңыздың авторына қатысты сілтеме де бар: Соңынан «Жазушы Покрау елінің қазағы Мұхамедғали Ибрагимұғлы» деп қол қойылған [9].

Аңызда қалмақ ханы Қалданның Абылайға «маған қара» деп елші жіберуі, олардың өлтірілуі, екі арада соғыс басталуы, хан Абылайдың тұтқынға түсуі, т.б. сөз болады. Одан әрі Қалданның сынамақ болып оларды төсеніші т.б. жоқ үйге кіргізуі, Абылайдың сасуы, бұл жайсыздықтан бір жолдасының құтқаруы т.б. алынады. Мұнда құн даулаушы болып Қалданның уәзірі алынған да, ақыры бұларды елдеріне қайтаруы баяндалады.

Алаш ғалымы Мәшһүр Жүсіп нұсқасында құн даулаушы – Қалдан Сереннің өзі. Яғни, ол інісі Сәруді жоқтайды. Інісі жорықта Абылайдың өзінен мерт болған екен. Газетте керісінше, уәзір атасы елшілікке

барғанда өлтірілген болып алынады. Газеттегі материалда сынақ Абылай қасындағыларға арналса, Мәшһүр Жүсіпте ханның өзі үш түрлі қатерлі сыннан өтеді. Сонымен бірге аңызда бұл тұсы ақын тексінде өте кең, өзгеше суреттелінеді.

Ханның тұтқыннан босануы тәрізді сюжет, сондай-ақ Қазыбек би бастаған елшілікпен байланыстырыла да беріледі [10]. Осы орайда зерттеуші С. Қасқабасов байқауы ой саларлық: «В предании, как и должно быть в фольклорном произведении, подробно не описывается так же и то, что испытывал Аblaй в плену. Здесь важно показать два этапных события: пленение и освобождение Аblaя. Правда, в Валихановском тексте описан один эпизод из жизни хана в плену» [7]. Демек, мұнда Абылайдың қалмақ қолына түскендегі халі тек Ш. Уәлиханов жинағында ғана бір қырынан көрінетіні айтылады.

Бұл келтірілген деректерді Мәшһүр Жүсіп нұсқасы толықтыра түседі. Себебі, Ш. Уәлихановта ханның тұтқындағы бір кезеңі ғана берілсе, ал ақын жинағында Абылайдың қолға түскеннен кейін үш түрлі қатерлі сыннан өтуі бар, сонымен бірге онда ханның тұтқындағы он шақты күні кең қамтылған. Мәселен, бірінші қатерлі сын 7 күнге созылады, яғни хан 7 күн сусыз, тамақ ішусіз күйде болып, жетінші күні ғана барып қара суға салынған тобықтай майы бар құты алады. Майды жұтайын десе, аузына келмейді. Бұған ашуланған хан ыдысты қайтарып жібереді. Егер де хан қолын ыдысқа салған жағдайда, андып тұрған қалмақ жендеттері өлтіруге бұйрық алған еді. Қолын малмауы ханның шыққан тегінің ақсүйек екенін дәлелдеп, оны өлімнен құтқарады. Одан әрі ханды екінші қатер күтіп тұрады. Ол да ханның тегін, жүректілігін анықтау үшін істелген іс-әрекеттер жиынтығы деуге болады. Мұнда да жай отырған Абылайды 4 жендеттің шаппақ болып кіріп келуі, хан басына қылыштарын көтеруі, ханның саспауы, қорғалақтамауы т.б. баяндалады. Бұл жолы да қаймықпауы Абылайды өлімнен алып қалады. Одан әрі қалмақ ханы Қалданның ордасында күткен үшінші қатерден де Абылай сүрінбей өтеді. Яғни, хан орны ғана бос қалып, маңайда тек босағадан басқа жерлері адамдарға лық толы болғанда, Абылай тегіне тартып, сасқанынан босағаға отыра салмай, төрге озып, хан тағына барып отырады. Және де тапқырлығы, өжеттігі, шешендігі т.б. арқасында өзін, қасындағыларын, бұрын да қолға түскендердің бәрін арашалап, бостандыққа қол жеткізгендігі, Топыш атты сұлуды алуы т.б. кең суреттеледі. Бұл үлгі басқа екі жинақта кездеспеуімен де құнды.

Абылай ханның бұлай ерекше батыл, өжет, шешен т.б. болып суреттелуі қазақ халқының тарихи қажеттілігінен, арман-ойынан т.б. туып, онда ойдан қосу да болу мүмкіндігіне ғалым С. Қасқабасов назар аударған [7]. Міне, осы жоғарыдағы келтірілген, Абылайдың тұтқынға түсуіне қатысты аңыздарды

өзара жүйелейтін болсақ, арнайы 4 үлгіге бөліп қарастыруға болады: Бірінші үлгіге – Ш. Уәлиханов [2] жазып қалдырған нұсқасын жатқызсақ, екіншіге – «Дала уалаяты газетінде» [9] жарық көрген әңгімені енгізуге болады. Үшіншіге – Қазыбек би бастаған елшіліктің араласуы арқасында ханның тұтқыннан босануы төңірегіндегі әңгімелер жатады [12]. Соңғы, төртіншіге – Мәшһүр Жүсіп жинаған аңыздары жатады. Мұнда, жоғарыда айтып кеткендей: Абылайдың қалай қолға түскендігі; 10 күнге созылған 3 қатерлі сыннан аман-есен өтуі; ең бастысы өзінің жеке басының өжеттілігі, қайсарлығы, шешендігі т.б. арқасында өз басына, маңайындағыларына бостандық әперуі баяндалады.

Осы берілген 4 үлгі арқылы, тарихта болған оқиғаға халықтың қатынасын, түсінігін байқауға болады. Мәселен, бірінші үлгі бойынша, Абылай аңшылықта жүргенде қапыда қолға түссе, екінші үлгіде келген елшілерді өлтіркені үшін соғыста тұтқындалады, және де мұнда ханның тұтқындағы бір қыры ғана суреттеледі. Ал, босануына Қалдан Сереннің өзі мүдделі болғандығы келтіріледі. Үшінші үлгіде, Қалданның баласы Сәруді жекпе-жекте мерт еткені үшін хан тұтқындалды деп беріледі. Ал, соғыста қолға түскен Абылайды Қазыбек би бастаған елшілік қана босаттырып алады делінген. Соңғы, төртінші Мәшһүр Жүсіп үлгісі бірінші мен үшінші үлгілердің қосындысы ретінде алынған. Яғни, хан жекпе-жекте Қалданның інісі Сәруді білмей өлтіреді, және тұтқынға соғыста емес, аңшылықта жүргенде қапысыз түседі [13].

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл мақаланы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (грант № AP19678022 «Алаш ғалымдарының фольклортанушылық қызметі: XX ғасырдың басы»).

Қорытынды

Мәшһүр Жүсіп жазбаларында фольклордың барлық жанрлары қамтылған. Егер жанр бойынша жіктеп жүйеге келтірсек: ертегілерден 15 шақты мәтін үлгі; батырлық жырлардан 5–6; ғашықтық жырдан 2–3; қисса-дастандардан 11–12; тұрмыс-салт жырларынан 30–40 шақтысы; аңыз-әңгімелердің 200–300 үлгісі; жаңылтпаштың 100–150 шақты көлемі; жұмбақтың қара сөз бен өлең түріндегісі 50 шақтысы; мақал-мәтелдердің екі жарым мың жолдық мөлшері; ақындар айтысының 27 үлгісі; 30–40 шақты ақын-жыраулардың өлеңдері, дастандары т.б. орын алған. Сондай-ақ қолжазбалар ішінде шежірелер, діни өлеңдер мен нақылдар, әлі баспа бетін көрмеген күлдіргі сөздер топтамасы т.б. нұсқалары бар. Мұндай үлгілерді жинағанда ара-жігін бөліп-жармай, жаңа-ескі деп қарамай, шамасы келгенше фольклордың әр жанрын қамтып, барлығын жан-жақты жинауға

тырысу тек Мәшһүр Жүсіп ерекшелігі емес, сол тұстағы көптеген ғалым-фольклоршылардың шарты.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 ҚР Ғылым академиясының Орталық қолжазбалар қоры. – 1645-папка. – Б. 142–151, 165–208; 1170-папка. – Б. 125–137, 148–173, 225–289, 693–698, 708–713, 721–759, 799–808; 1176-папка, № 1 дәптер. – Б. 69–72, 143–150; 1177-папка. – Б. 24–40, 45–51, 116–126, 137–142; 1178-папка. – Б. 27–30, 42, 45–49, 184–185.

2 **Валиханов, Ч. Ч.** Собрание сочинений в пяти томах [Текст]. – 1984. – Т. 1. – С. 216–222.

3 Ел қазынасы – ескі сөз. В. В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1994. – Б. 40–67, 280–281, 287–293, 408, 605.

4 **Көпеев, М. Ж.** Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. – Павлодар : ЭКО, 2003–2013.

5 **Көпеев, М. Ж.** Абылай хан [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1993. – Б. 301–343.

6 **Смирнова, Н.** XVIII ғ. тарихи өлең, аңыз, жыр сарындары [Мәтін] // Қазақ әдебиеті тарихы. – Алматы : Ғылым, 1960. – Т. 1. – 597 б.

7 **Қасқабасов, С. А.** Қазақ фольклорының тұтастану құбылысы [Мәтін] // Жұлдыз. – 1992. – № 11. – Б. 181–198; Қасқабасов, С. А. Казахская сказочная проза [Текст]. – Алматы : Наука, 1990. – С. 175–176.

8 Мәшһүр Жүсіп мұрасы [Мәтін] // Жалын. – 1974. – № 3. – Б. 127.

9 Дала уалаяты газеті [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1989. – Б. 314–315, 476–475, 637; Ибрағимұғлы, М. Қазақтың мәселесі [Мәтін] // Дала уалаяты газеті. – 1891. – № 13.

10 Қазақтың би-шешендері [Мәтін]. – Алматы : Жалын, 1993. – Б. 108–109, 262–263.

11 **Бердібаев, Р.** Абылай асуы [Мәтін] // Абылай хан. – Алматы : Жазушы, 1993. – Б. 3–34.

12 Шешендік сөздер [Мәтін]. – Алматы, 1967. – Б. 101–110.

13 **Noda, J., Onuma, T.** A collection of documents from the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty [Text]. – Tokyo, 2010. – 176 p.

References

1 QR Ғылым академиясының Орталық қолжазбалар қоры [The Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan, the Central Fund of Manuscripts]. –

folder #1645. – P. 142–151, 165–208; folder #1170. – P. 125–137, 148–173, 225–289, 693–698, 708–713, 721–759, 799–808; folder #1176, № 1 notebook. – P. 69–72, 143–150; folder #1177. – P. 24–40, 45–51, 116–126, 137–142; folder #1178. – P. 27–30, 42, 45–49, 184–185.

2 **Valikhanov, Ch. Ch.** *Sobranie sochineni v päti tomah* [Collected works in five volumes] [Text]. – 1984. – T. 1. – P. 216–222.

3 *El qazynasy – eskı sız. V. V. Radlov jınağan qazaq föklorynyñ ülgileri* [Country treasure is an old saying. Samples of Kazakh folklore collected by V. V. Radlov] [Text]. – Almaty : Gylym, 1994. – P. 40–67, 280–281, 287–293, 408, 605.

4 **Kopeev, M. Zh.** *Şyğarmalary. 20 tomдық şyğarmalar jinağy* [Essays. Collection of works in 20 volumes] [Text]. – Pavlodar : ECO, 2003–2013.

5 **Kopeev, M. Zh.** *Abylai han* [Abylai Khan] [Text]. – Almaty : Jazuşy, 1993. – P. 301–343.

6 **Smirnova, N.** XVIII ғ. tarihi öleñ, aңыз, jyr saryndary [XVIII century. historical poems, legends, songs] [Text] // *Qazaq ädebieti tarihy*. – Almaty : Ğylym, 1960. – T. 1. – 597 p.

7 **Kaskabasov, S. A.** *Qazaq föklorynyñ tütastanu qübylysy* [The phenomenon of the integrity of Kazakh folklore] [Text] // *Jüldyz*. – 1992. – № 11. – P. 181–198; **Kaskabasov, S. A.** *Kazahskaia neskazochnaia proza* [Kazakh non-fairy prose] [Text]. – Almaty : Nauka, 1990. – P. 175–176.

8 *Mäşhür Jüsip mürasy* [The legacy of Mashkhur Zhussip] [Text] // *Jalyn*. – 1974. – № 3. – P. 127.

9 «*Dala ualaiaty*» gazetı [newspaper «Dala ualayaty»] [Text]. – Almaty : Gylym, 1989. – P. 314–315, 476–475, 637; **Ibragimygly, M.** *Qazaqtyñ mäselesi* [The problem of the Kazakh] [Text] // «*Dala ualaiaty*» gazetı. – 1891. – № 13.

10 *Qazaqtyñ bi-şeşeni*. [Kazakh's orators] [Text]. – Almaty : Jalyn, 1993. – P. 108–109, 262–263.

11 **Berdibayev, R.** *Abylai asuy* [Abylai pass] [Text] // *Abylai han*. – Almaty : Jazuşy, 1993. – P. 3–34.

12 *Şeşendik sızder* [Oratory words] [Text]. – Almaty, 1967. – P. 101–110.

13 **Noda, J., Onuma, T.** *A collection of documents from the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty* [Text]. – Tokyo, 2010. – 176 p.

20.01.25 ж. баспаға түсті.

27.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Н. К. Жусупов¹, М. Н. Баратова²

^{1,2}Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 20.01.25.

Поступило с исправлениями 27.01.25.

Принято в печать 17.02.25.

ЛЕГЕНДЫ В ПИСАНИЯХ МАШХУРА ЖУСИПА: АБЫЛАЙ ХАН

Рукописи Маихура Жусипа охватывают все жанры фольклора. А именно: сказки, героические эпосы, лиро-эпические стихи, киссы-дастаны, обрядовые песни, легенды, предания, загадки, пословицы, поговорки, айтысы и др. Казахские исторические легенды в основном связаны с ханами, батырами, би-ораторами и т.д., а также этот тип легенды не встречается в фольклоре других народов.

В этой статье речь пойдет об одном из жанров, собранных Маихуром Жусипом – исторических легендах. В том числе, сведения об исторических личностях, правивших казахским народом: сведения об образе ханов передаются в виде легенд. Особенно подробно рассматриваются 16 легенд, собранных циклическим методом в отношении личности Абылай хана. 16 образцов фольклора, собранных из уст народа, анализируются в сопоставлении с вариантами В. Радлова, Н. Смирновой, Ш. Уалиханова, С. Даутова, Р. Бердибаева и др. Основное внимание уделяется действиям, событиям, окружению и т.д. персонажей, встречающихся в этих образцах. Также установлено, что некоторые версии образа Абылай хана сохранились только в рукописях Маихура Жусипа. Все это показывает, насколько ценны исторические легенды, собранные Маихуром Жусипом, и значение его трудов в собирании, публикации, исследовании образцов устного народного творчества.

Ключевые слова: Маихур Жусип, легенды, фольклор, рукопись, Абылай хан, фольклорный образец.

*N. K. Zhussupov¹, M. N. Baratova²

^{1,2}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 20.01.25.

Received in revised form 27.01.25.

Accepted for publication 17.02.25.

LEGENDS IN THE WRITINGS OF MASHKHUR ZHUSSIP: ABYLAI KHAN

Mashkhur Zhussip's manuscripts cover all genres of folklore. Namely: fairy tales, heroic epics, lyric-epic poems, kissa-dastans, ritual songs, legends, riddles, proverbs, sayings, aitys, etc. Kazakh historical legends are mainly associated with khans, batyrs, bi-orators, etc., and also this type of legend is not found in the folklore of other nations.

In this article, we will talk about one of the genres collected by Mashkhur Zhussip – historical legends. In particular, information about historical figures who ruled the Kazakh people: information about the image of the khans is transmitted in the form of legends. The 16 legends collected by the cyclic method regarding the personality of Abylai Khan are considered in particular detail. 16 folklore samples collected from the mouths of the people are analyzed in comparison with the variants of V. Radlov, N. Smirnova, S. Ualikhanov, S. Dautov, R. Berdibaev, and others. The main focus is on actions, events, environment, etc. the characters found in these samples. It has also been established that some versions of the image of Abylai Khan have been preserved only in the manuscripts of Mashkhur Zhussip. All this shows how valuable the historical legends collected by Mashkhur Zhussip are, and the importance of his works in collecting, publishing, and researching samples of oral folk art.

Keywords: Mashkhur Zhussip, legends, folklore, manuscript, Abylai khan, folklore sample.

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,76 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.
Электронное издание
4,76 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz